



Бастау

Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая
газета. Издаётся с 28 июня 1999 года

№ 31 (877)

7 тамыз 2015 жыл

Жұма

Аудан әкімдігінде

Үстіміздегі жылдың 30 - шілдесінде аудандық Мәдениет үйінде аудан әкімдігінің алқа мәжілісі өтті. Өңір басшысы Қ.Ө.Бисембаев төрағалық еткен жиынға аудандық маслихаттың хатшысы, депутаттары, қала, ауылдық округ әкімдері, мемлекеттік мекеме, бөлім басшылары, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының, құқық қорғау органдарының және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР САРАЛАҢДЫ

Күн тәртібіндегі мәселе – ауданның 2015 жылдың бірінші жартыжылдығындағы әлеуметтік – экономикалық дамуының қорытындылары және ІІІ тоқсандағы міндеттері туралы. Негізгі бағдарманы аудан әкімінің орынбасары А.Қалиасқаров жасады. Асхат Мейрамғалиұлының айтуынша, үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығына бекітілген бюджет жоспары 127,3 пайызға орындалды, 399,6 млн. теңгенің орнына нақты 508,6 млн. теңге түсті. Республикалық бюджет 118,0 пайызға орындалса, жергілікті бюджеттің жоспары 129,7 пайызға орындалды. Өнеркәсіп саласында өндірілген өнім көлемі 1849,1 млн. теңгені немесе 2014 жылмен салыстырғанда 136,0%, нақты индекс көлемі 145,3% (2014 жылы – 1359,5 млн. теңгенің өнімі өндірілген) құрады.

жылдың 1 - ші жартыжылдығында 90,7 пайыз болса, биылғы жылы 145,3% межеден төмендетпеу жоспарланып отыр. Жыл басынан аудан экономикасына 1860,0 млн. теңге инвестиция тартылды, 2014 жылмен салыстырғанда 109,6 пайызды құрады. Инвестиция көлемінің ұлғаюы негізінен жеке қаражат есебінен, және сервистік қызмет көрсету орындарының құрылысы мен іске қосуға жоспарланған жобалар есебінен.

Тұрғын үй саласы бойынша жоспарланған меже 2014 жылға қарағанда (4488 мың ш.м) - 2015 жылы (5561 мың шаршы метр) тұрғын үй құрылысы 1073 шаршы метрге немесе 23,9 пайызға өскен, ал құрылыс жұмыстарының көлемі 2014 жылдың 1-ші

жартыжылдығында 770,4 млн. теңге болса, 2015 жылы 673,9 млн. теңге. Бүгінгі күнге, аудан бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтар кезегіне жалпы 887 адам енгізілген. Шағын кәсіпкерлік саласы бойынша жұмыс жасайтын шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 2322 бірлікті құрады, оның ішінде 54 заңды тұлға, 1365 жеке кәсіпкерлер мен 903 шаруа қожалықтары, 5503 адам жұмыспен қамтылды. Шағын кәсіпкерлік субъектілермен 2080,5 млн. теңгенің өнімі (жұмыстары, қызметтері) өндіріліп, 2014 жылдың деңгейіне

қарағанда 105,0 % - ды құрады. Бюджетке 98,6 млн. теңге салық төлемдері түсіп, былтырғымен салыстырғанда 100,1 пайызды құрайды.

Ауданда 35 елді мекен бар. Орталықтан-дырылған ауыз сумен қамтылғаны 20 елді мекен немесе 57%. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында осы сала бойынша келесі жұмыстар атқарылды: «Ақ бұлақ 2011-2020» бағдарламаның шеңберінде Қарақұм, Жасталап, Үшкөмей, Кіші-төбе, Ақжар, Жаңаталап, Көкдала ауылда-рының сумен жабдықтау нысандарды жаңғырту және құрылысы жүргізуге облыс бюджетінен 69,8 млн. теңгеге жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленуге қаражат бөлінді.

Облыстық маңызы бар жалпы пайдаланатын автомобиль жолдарының ұзындығы, аудан бойынша 371 км құрайды. Аудандық маңызы бар

жолдардың ұзындығы 382,9 км. Биылғы жылы облыстық маңыздағы жолдарға 218,4 млн. теңге, аудандық маңыздағы жолдарға 234,4 млн. теңге қарастырылды. Ауданда 48000 астам адам қоныстанған, олардың ішінде: экономикалық белсенді халықтың саны – 26628 (2014 жылы-26110), жұмыспен қамтылғандардың саны – 25430 (2014 жылы-24727), жұмыссыздар саны – 1198 (2014 жылы-1383), жұмыссыздық деңгейі – 5,8% . Бірінші жартыжылдықта аудан бойынша 441 жаңа жұмыс орындары ашылды, бұл жылдық жоспардың – 66,8 пайызын құрады (жылдық жоспар 660), облыстық көрсеткіш 48 %.

Білім беру саласы бойынша: биылғы жылы мектептерді бітірген 312 түлектің 249-ы ҰБТ-ге қатысып, орташа балл 72,8% құрады. Бұл 2014 жылғы (72,1%) қарағанда 0,7 балға өсіп отыр, бірақ облыстық орташа балдан төмен (77,0 %). «Алтын белгіге» 9 үміткерінен 6-ы өз білімдерін дәлелдеді.

Денсаулық саласы бойынша: негізгі және жұқпалы аурулар көрсеткіштері: бала туу деңгейі - 370 (327), өлім деңгейі - 172 (163), вирус-тық бауырдың қабынуы - 3 (2), өкпе ауруы (туберкулез) - 18 (21), ВИЧ - 7 (11), мерез (сифилис) - 1, Эхинококкоз 6, грипп-ОРЗ - 2487(1993) - 803(383), ОКИ -5(2) - 2(1), чечотка - 5 (10,4). Ана өлімі - жок, бала өлімі 1 жасқа дейінгі - 3 немесе 7,3% (5 немесе 13,2 %).

Сонымен қатар өз баяндамасында аудан әкімінің орынбасары ішкі саясат, мәдениет, ауылшаруашылық, құқық орғау т.б. салалары бойынша да жан-жақты айтты. Қорыта келгенде, баяндамашының көтерген дерек көздеріне қарағанда, есепті мерзімде жетістіктер баршылық. Алайда, шешімін таппаған, әрі атқарылатын жұмыстар да аз емес. Аудан әкімі Қайрат Әшірәліұлы атқарылған шаруаларға сәйкес тиісті баға бере отырып, алдағы тоқсанға тың тапсырмалар берді, атқарылмай қалған, шешілмей тұрған мәселелердің түйінін тарқатып, жоспарланған межелерді орындауды талап етті. Сонымен қатар мәжіліс барысында білім бөлімінің басшысы қызметін атқарушы Қайрат Қасымов пен Үштөбе қаласының әкімі Қанабек Есбо-тановты және тағы басқаларды мінбе төрінен тыңдап, есеп алды.

Аудан әкімдігін алқалы мәжілісінде басқа да мәселелер қаралды. Жиынды қорытындылаған өңір басшысы Қайрат Әшірәліұлы орынба-сарларына, қала, ауыл әкімдеріне, бөлім басшы-ларына тиісті тапсырмаларын жүктеді.

С. ДӘРКЕНБАЕВА

Құрметті құрылыс саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - Құрылысшы күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Құрылыс дегеніміз жаңа тұрғын үйлер, өнеркәсіптік кәсіпорындар және әлеуметтік объектілер деген сөз.

Бүгінгі күні сіздердің мамандықтарыңыз Республикамыздағы ең керекті және үлкен суранысқа ие мамандық болып табылады. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап көрсеткендей «Құрылыс саласы – экономикалық дамудың қозғаушы күші ретінде құрылыс материалдары мен жиһаз өнеркәсібінің, металл өңдеудің дамуына түрткі болатын саланың бірі». Құрылысшылардың еңбегі еліміздің экономика-сының дамуы үшін зор маңызға ие. Ең бейбіт және жасампаз кәсіптің өкілдері бұрынғы уақыт-тардан бері еліміздің бет-бейнесін жақсартып ке-леді: тұрғын үйлерді, білім беру және меди-циналық мекемелерді, мәдениет және спорт, сон-дай-ақ инженерлік және көлік инфрақұры-лымының объектілерін салады. Сіздердің өз істе-ріңізге деген адалдықтарыңыздың, ұдайы өзгеріп отыратын нарыққа бейімделе білу қабілеттеріңіздің нәтижесінде елімізде құрылыс жанданып, халық жаңа стандарттар мен заманауи дизайнға бой үйретуде. Елбасы ба-сымдық сипатын айқындаған «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасының іске асыры-лып, тұрғындардың баспанамен қамтылуы кемел ойлы осы мамандық иелері еңбегінің жемісі. Жұмыстың сапасы мен оның әсемділігі құры-лысшы қолының шеберлігіне байланысты.

Құрметті құрылысшылар! Еліміздің ажарын ашатын, айбарын асқақтататын келісті келбетінің көркеюіне қосқан үлестеріңіз және мамандыққа берілгендіктеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз. Барша аудан тұрғындарының атынан сіздерге мықты денсаулық пен сәттілік, жоғары кәсіби біліктілік және еңбектеріңізге жаңа табыстар тілейміз!

Аудан әкімі Қ. БИСЕМБАЕВ,
мәслихаттың хатшысы Б. СМАЙЛОВ

Аудан әкімі бірқатар объектілерді аралады

Үстіміздегі жылдың 5 тамызында Қа-ратал ауданы әкімі Қайрат Бисембаев Үштөбе қаласындағы кәріз жүйесі және жылыту жүйесі объектілерін тексеру мақсатымен барып, тиісті жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарымен та-нысты.

Қазіргі таңда, кәріз жүйесінің 22 га су бұру алқабын қоршау жұмыстары және қысым коллекторынан су бұру алқабының арасы құбырларын орнату жұмыстары жүргізілуде. Өңір басшысы мердігерге, бөлім басшыларына және аудан әкімінің орынбасарына жұмыстардың қырқыкөк айында аяқталуы қажет екендігін басып айтты. Сонымен қатар, алдағы жылыту маусымына дайындығымен танысу мақса-тымен аудандағы нысандарды аралады. Осыған орай, қайта жаңғырту және құрылысын жүргізу жұмыстары бойынша аудандық орталық аурухана мен Б.Римова атындағы орта мектепті жылу жүйесіне қосу үшін тиісті жылу трассаларын салу жұмыс-тарымен танысты.

Қайрат Әшірәліұлы аудандағы жол құры-лысы жұмыстарында да жай күйін кезімен көріп, Үштөбе қаласының Ө. Молдағұлова, Нұрмұханбетов және Железнодорожная көшелеріне жүргізілген жол жөндеу жұмыс-тарының сапасын тексерді. Сонымен қатар, Қ.Бисембаев өнім сапасын арттыру мақса-тында жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүр-гізген «KazSilicon» мекемесіне барып, ком-бинаттың жұмысымен танысты. Мамыр-маусым айларында жұмысын уақытша тоқ-татқан аталмыш кәсіпорын бүгінгі күнге толық қуаттылығына шығып, жұмысын жал-ғастыруда.

Семинар

5 ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ РЕФОРМА ХАҚЫНДА...

Аптаның сейсенбі-сінде Жаңаталап орта мектебінің акт залында Елбасымыздың ұсын-ған «Ұлт жоспары - 100 нақты қадам» 5 инсти-туционалды реформа-сының мәні мен мазмұ-нын қараша халыққа тү-сіндіру мақсатында се-минар отырысы өткі-зілді.

Семинар қонақтарының қатарында Алматы об-лыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ахмет Кендірбекұлы, Қаратал ауданы әкімінің орынбасары К. Байтаева, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж. Теберіков, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы С. Иманғалиева, Балпық а/о әкімі Ф. Уалиевтар болды. Аталмыш жиынның өткізілуіне ыйытқы болған А. Кендірбекұлы жиынға қатысушыларға, ауыл тұрғындарына аталған реформа жайлы кеңінен әңгімелеп, жан-жақты, тың мысалдар келтіре отырып түсіндірді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне тоқталатын болсақ: 5 институционалды реформаның: бірінші бағыты «Кәсіби мемлекеттік аппарат құру», Алаш қайраткерлерінің бірі айтқандай «Атқарушы хакім – халықтың бақташысы, халыққа жақын тұру, оның мұң-мұқтажын жоқтау», сол сияқты мемлекетті кім басқарады?, қалай басқарады және т.б. көптеген функцияларды айқып, әрі әділ атқару, оң нәтижесін халыққа сезіндіру; екінші бағыты «Заңның үстемдігін арттыру», яғни заңға міндетті түрде бағыну, сот төрелігі, конституция, заң т.б. үстемдігін бірінші қою; 3 бағыт «Индустрияландыру және экономикалық өсу», яғни Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша не істейміз керек? Әлем елдерін жайлап келе жатқан дағдарысқа ұрынбауымыз үшін «Тарта жесек тай қалады, қоя жесек қой қалады» деп, бұрынғы ата – бабаларымыз айттып өткеніндей, барша халықты ысырапшылықтан аулақ болуға, балаларды титтейінен үнемшілдік пен қанағаттылыққа үйрету қажеттілігі заман талабы екенін түсіндіреді; 4 бағыт «Біртектілік және біртүзділік». Ол дегеніміз: Қазақстан көпэтносты ел болғандықтан, елімізде күн кешіп жатқан әр ұлттың дінін, салтын дәстүрлерін құрметтей отырып, бір мақсат, бір мүддеге ұйысып, мысалға алатын болсақ, Наурыз мерекесі т.б. болсын бір мәдениетке жудырық болып жұмылдыру, бар ұлттың басын қосу, бір тілде түсінісу т.б. 5 бағыты «Есеп беретін мемлекетті қалыптастыру», яғни Үкімет басындағылар халықпен тығыз байланыста, адал, әрі әділ, ашық түрде жұмыс істеу. Жиын барысында кеш қонағына ауыл тұрғындары тарапынан салмақты сұрақтар қойылып, ұтымды жауаптар берілді. Жиалғандар атынан ауыл ақсақалы рухани азық болатын ұтымды ойларын ортаға салған Ахмет Кендірбекұлына алғысын айтты. Аудан әкімінің орынбасары Күлшар Ізмұқанқызы жиынға қатысушы барша қауымға ризашылығын білдіре келе, семинар жұмысын жабық деп жариялады. Тағылымды кештен татымды кеңестер алған ауыл тұрғындары тамаша көңіл күймен тарқасты.

Л. ЖАНБОТАҚЫЗЫ

О жилищной помощи малообеспеченным семьям (гражданам) Каратальского района

Решением Маслихата Каратальского района № 48-195 от 09.07.2015 года «Об определении размера и порядка оказания жилищной помощи малообеспеченным семьям (гражданам) Каратальского района» были утверждены размер и порядок оказания жилищной помощи малообеспеченным семьям (гражданам). Согласно этого решения жилищная помощь оказывается за счет средств местного бюджета в виде денежных выплат семьям, постоянно проживающим в данной местности и являющимся собственниками или нанимателями (поднанимателями) жилья.

Жилищная помощь не назначается: 1) безработным, не зарегистрированным в уполномоченных органах по вопросам занятости и трудоспособным гражданам РК, письменно отказавшимся от участия в активных мерах содействия занятости, кроме инвалидов и лиц, в период их нахождения на стационарном лечении более одного месяца, учащихся, студентов, слушателей, курсантов и магистрантов очной формы обучения, а также граждан, занятых уходом за инвалидами I и II группы, лицами старше восьмидесяти лет, детьми в возрасте до семи лет; 2) безработным, без уважительных причин отказавшимся от предложенного уполномоченными органами трудоустройства, в том числе на социальное рабочее место или общественную работу, от профессиональной подготовки, переподготовки, повышения квалификации, само-вольно прекратившим участие в таких работах и обучении. Малообес-

печенные семьи, имеющие в частной собственности более одной единицы жилья или сдающие в наём или аренду, утрачивают право на получение жилищной помощи. Для назначения жилищной помощи граждан (семья) в центр обслуживания населения (ЦОН) предоставляет следующие документы: 1. заявление по форме согласно приложению 1 к стандарту; документ, удостоверяющий личность; документы, подтверждающие доходы семьи; счета о размерах ежемесячных взносов на содержание жилого дома (жилого здания); счета на потребление коммунальных услуг; 6. квитанцию-счет за услуги телекоммуникаций или копия договора на оказание услуг связи; счет о размере арендной платы за пользование жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, предьявленный местным исполнительным органом; Наниматели (поднаниматели) жилья предоставляют договор аренды жилья, заверенный нотариально. При исчислении совокупного дохода семьи учитываются все виды

доходов, полученные в Республике Казахстан и за её пределами: доходы, получаемые в виде оплаты труда, социальных выплат, пенсий; ежемесячные государственные пособия на детей до 18 лет; государственная адресная социальная помощь; доходы от предпринимательской и других видов деятельности; доходы в виде алиментов на детей и других иждивенцев; доход от личного подсобного хозяйства полученный от выращивания сельскохозяйственной продукции, содержания и разведения скота и птицы рассчитывается на основании сведений заявителя о наличии личного подсобного хозяйства, согласно приложениям; От прочих заявленных доходов, включая денежную и натуральную помощь родственников и других лиц.

Физические и юридические лица обязаны предоставлять достоверную информацию. В случае не предоставления требуемых документов жилищная помощь не назначается. При предоставлении заведомо недостоверных сведений, повлекших за собой назначение завешенной или незаконной жилищной помощи, собственник возвращает незаконно полученную сумму в добровольном порядке, а в случае отказа - в судебном порядке.

Отдел социальных программ

12-тамызда «Жаңа білім беру бағдарламалары, инновациялар және біліктілік тәсілдемесі - табысты мектепке қадам» тақырыбында тамыз кеңесі өткізіледі

БІЛІМ БӨЛІМІ БАСШЫНЫҢ КЕҢЕСТЕ БЕРЕТІН БАЯНДАМАСЫНЫҢ ТЕЗИСТЕРІ

2014-2015 оқу жылында ауданымыздың білім беру жүйесінде 30 жалпы білім беретін мектеп, төрт балабақша (№97, №25, «Мақсат», «Нұр»), екі мектептен тыс мекеме (Балалар шығармашылығы орталығы, Оқу әдірстік кәсіпорны) жұмыс істейді.

Аудан бойынша 23 орта мектеп, 4 орталау, 3 бастауыш мектеп жұмыс жасайды. Олардың 18-і қазақ мектебі, 11-і аралас мектеп, 1-уі орыс мектебі. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында мектептерде әр түрлі пәндер бойынша факультатив курстары мен үйірмелер және Б. Римова атындағы орта мектеп-гимназиясында (1993 жылдан), Морозов атындағы №51 орта мектеп-гимназиясында (1996 жылдан) пәндерді (қазақ тілі, орыс тілі, математика, ағылшын тілі) тереңдетіп оқытатын 5-9 сыныптары аралығында гимназия сыныптары ашылған. №13 орта мектебі жанында интернат жұмыс істейді, онда ата-аналары темір жол бойында жұмыс істейтін және білім мекемелері жоқ елді мекендердің 63 баласы тәрбиеленді. (2013-2014 оқу жылында 77 бала) Аудан бойынша 2014-2015 оқу жылында 4 мектепке дейінгі мекеме және 20 шағын орталық, барлығы 24 мектепке дейінгі мекеме жұмыс жасады, 0-7 жастағы бала саны - 5572 оның ішінде 3-6 жастағы бала саны - 1935. Қазіргі таңда 4 балабақшада 592 бала, 20 шағын орталықта 625 бала мектепке дейінгі білім алуға, барлығы - 1217 бала тәрбиеленуде.

Қаламыздағы №97 балабақшасында 1 топ 25 орындық (казіргі уақытта 25 бала бар) санаторлық топ жұмыс жасайды. Мүмкіндігі шектеулі балалармен (87 бала) мектептегі дефектолог (13) және логопед (6) мамандары жұмыс жасауда. Биылғы жылдан бастап Үштөбе қаласында 320 орындық балабақша құрылысы басталды. Қазіргі таңда қала бойынша 158 бала мектепке дейінгі мекемелерге орналасу үшін кезекте тұр. Ауданның 30 мектебі де интернет желісіне қосылған. Мектептердегі барлық компьютерлер саны – 1241, 1 компьютерге 7,8 оқушыдан келіп отыр. Интерактивті тақталар саны 94, лингафонды-мультимедиялық кабинеттер саны 17, жаңа модернизацияланған физика кабинеті 19, химия кабинеті 14, биология кабинеті 10. Бұл білім бөлімі үшін басым бағыт болып табылады, өйткені ақпараттық технологиялар өміріміздің ең қозғашуы күшіне айналғандығы анық.

2013-2014 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушыларының саны- 6330, білім сапасы 43,7 пайыз. 2014-2015 оқу жылының 3-тоқсаны бойынша оқушылардың саны- 6460, білім са-

пасы 45,3 пайыз. 2014 жылы 20 жалпы орта білім беретін мектептерді 312 түлек бітірді, 228 түлек ҰБТ-ге қатысты. Орташа балл 72,1 құрады (2013 жылы 69,3). 2015 жылы 21 жалпы білім беретін мектептерді 355 оқушы бітіріп, оның 249-ы ҰБТ-ге қатысты, қатысу 70,1 пайызды құрайды. 2015 жылғы облыстық «Дарын» ғылыми-жо-балар сайысынан аудан мектептерінің 16 оқушысы жеңімпаз атанды.

Облыстық «Дарын» ғылыми-жобалар сайысының 1-дәрежелі диплом иегері Горький атындағы орта мектебінің 11- сынып оқушысы Д. Беркімбаева «Ғылым әлемін ашамыз» ғарыштық зерттеулер бойынша 11-халықаралық ғылыми жарысының 1-дәрежелі дипломы мен алтын медалінің және мемлекеттік грант иегері атанды. 7 оқушымыз облыстық «Кіші ғылыми-жобалар» байқауында жүлделі орындарды иеленіп, 1 орындарды алған 2 оқушымыз Қазақстан Республикасы кіші ғылыми академиясының 41-республикалық ғылыми практикалық конференциясында Д. Лян Горький атындағы орта мектебі мен Э. Нүсіпжанова Лермонтов атындағы орта мектебінің оқушылары 2-дәрежелі дипломдармен марапатталды. 2015 жылғы облыстық пән олимпиадасында аудан мектептерінің 18 оқушысы жүлдегер атанды.

Аудан мектептерінде 890 мұғалім еңбек етеді, оның 135 (15,2%) жоғары санатты, 323 (89,1 %) бірінші санатты. Жоғары білімді 793 (89,1%), орта білімді 97, аяқталмаған жоғары 7 мұғалім. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасындағы негізгі бағыттардың бірі - білім беру жүйесін жоғарғы білікті кадрлармен қамтамасыз ету, педагог мамандығының беделін көтеру. Осы орайда әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен мұғалімдер білім жетілдіру курстарынан өтіп, облыстық және Республикалық әртүрлі педагогикалық байқауларға қатысып, өз шеберліктерін дәлелдеуде. 2014-2015 оқу жылында 196 ұстаз пән бойынша қысқа мерзімді, 52 ұстаз деңгейлік курстардан өтті. (Назарбаев Зияткерлік мектептері дербес білім беру ұйымы мен Кембридж университеті білім беру факультеті бірігіп дайындаған 3 деңгейлік курс бағдарламасы бойынша 140 ұстаз сертификатталған). Аудандық байқаулардан үздік шығып, 1-орынды иеленген ұстаздарымыз Республикалық және облыстық байқаулардан жеңімпаздар атанып, аудан мерейін үстем етті. 2014 жылдың қорытындысы бойынша ауыл мектептері арасында үздік шығып отырған Горький атындағы орта мектептің психологы Н. Кан облыстық «Жылдың үздік мектеп психологы-2014»

байқауынан 1-орынды иеленіп, Республикалық байқаудан Алғыс хат алса, бастауыш сынып мұғалімі Байғазакова С. облыстық «Үздік бастауыш сынып мұғалімі-2014» байқауында жүлделі 2-орын, аталған мектептің жас маманы Бейсембаева Ж. Республикалық «Жас педагогтардың өңіраралық педагогикалық идеялары-2014» атты фестиваль-байқаудың 2-орын иегері атанды.

Өткен оқу жылында нәтижелі еңбектерінің жемісін көрсете білген Лермонтов атындағы орта мектеп ұжымы облыстық «Үздік ауыл мектебі-2014» байқауынан 3-орын, мектеп басшысы Л. Котова Республикалық «Педагогикалық оқулардан» 3-орын, мектеп психологы Т. Липаева облыстық «Жыл педагог- психологы-2014» байқауынан 1- орынды иеленіп, Республикалық байқаудың Алғыс хатын иеленді. К.Тоқаев атындағы орта мектебінің мұғалімі Н. Қорғанбаев облыстық «Педагогикалық оқулар» байқауында 1-орын, осы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Ш. Тоқаева облыстық «Жыл сынып жетекшісі -2014» байқауынан 2- орын алды. Ж. Молдағалиев атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Г. Жаманкулова облыстық «Бастауыш сынып мұғалімі-2014» байқауынан 3-орынды иеленді. Облыстық «Үздік жыл әдіскері» байқауына қатысқан Балалар шығармашылығы орталығының оқытушысы С. Чурчитбаев 1-орын, №25 балабақша әдіскері А. Туякбаева 2-орын, Горький атындағы орта мектебі директорының әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары И. Байғазакова 3-орынды алып, үш ұстазымыз да жеңімпаз атанды. Облыстық әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен өткізілген «Мектепке дейінгі ұйымдар мазмұнын жаңғыртудың әдістемесі – білім сапасын арттырудың қажетті шарты» атты педагогикалық оқуға қатысқан №97 балабақша әдіскері Наринбаева М. 1-орын, №25 балабақша әдіскері Тұякбаева А. 2-орынды иеленсе, «Педагогикалық дебют-2014» байқауына қатысқан Есенберлин атындағы орта мектебінің жас маманы Данияр Ә. 2-орынды қанжығасына байлады. Аудан бойынша әр тоқсан сайын аудан әкімінің төрағалығымен құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі бағдарламаны орындау барысындағы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы жиналыстар өткізіліп отырады. Қаратал аудандық білім бөлімінде «Жасөспірімдер мен балалар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу» жұмыстары бойынша жоспар құрылған. Жоспарға сәйкес қала мектептері және мөлтек аудан бойынша кіші полиция қызметкерлерімен бірлесіп атпалық кешкі рейдтер ұйымдастырылып, жүргізіліп тұрады. Салауатты өмір салтын ұстану мақсатында аудан мектептерінің арасында оқушыларға арналған спорттық іс-шаралар өткізіледі. Кәмелетке толмаған балалар арасындағы құқықбұзушылықтың, балалар қараусыз қа-

луының алдын-алу шараларының жоспарына сәйкес «Отбасыда зорлық-зомбылыққа жол жоқ», «Түнгі қаладағы балалар» атты рейдтер білім бөлімінің өкілдері, мектеп мұғалімдері және ІІБ-нің инспекторларының қатысуымен бекітілген кестеге сәйкес шағын аудандарға, қалалық ойын-сауық, компьютерлік орындарда, саябақта ұйымдастырылады. Оқушылар арасында әлім-жетікті болдырмау, ақша немесе киім-кешекті тартып алу сияқты тәртіп бұзушылық болмау мақсатында, мектеп фойелерінде «Сенім жәшіктері» орнатылған.

Білім бөлімі мен ІІБ есебіндегі құқық-бұзушылыққа жол берген жасөспірімдердің жаңуа жағдайы бақылауға алынған. Статистикалық мәлімет бойынша 2013 оқу жылында аудандық ІІБ-де есепте тұрған кәмелетке толмаған балалар саны – 56 болса, бүгінгі таңда 47 жасөспірім ІІБ-де есепте тұр. Аудандық 30 мектебімізге қарасты ІІБ-де 7 мектеп инспекторлары қызмет атқаруда. Кәмелетке толмаған балалармен жасалынған қылмыс саны 2013 жылы - 12 болса, 2014 жылы – 0, 2015 жылдың 4 айы бойынша -0. Аудан бойынша білім беру ұйымдарында 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының 70 жылдығын мерекелеу жөнінде көптеген іс-шаралар атқарылды. Жас жеткіншектерді дәс-түрлі-мәдени құндылықтар арқылы Отанын сүю, өткенді құрметтеу, патриоттық сезімін қалып-тастыру және көркемөнерпаздар ұйымдарының сахналық шеберлігін шыңдау мен ұлттық қолөнер бұйымдарын дамыту мақсатында да дәсүрлі шаралар өткізілді. «Адамдықтың басты қасиеті – өнер, білімге ұмтылу» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, байқау кезінде болашағынан зор үміт күттіретін дарынымен дараланып, талантымен таңқалдырған өнерлі өрендеріміз өте көп болды.

2014-2015 жылы Қаратал ауданы бойынша 1-10 сынып оқушыларының саны 6119. Жаз кезінде балалар мен жасөспірімдерді іс шаралардың барлық түрімен 5501 бала қамтылуы жоспарланды. Демалыс және сауықтырумен қамтылатын 2500 оқушы, яғни 1-10 сынып оқушыларының 40,8 пайызын құрайды және еңбекпен қамтылатын балалардың саны – 3001. Жоспар бойынша үш ауысымда мектеп жанындағы ыстық тамақпен 9 лагерлерде – 475 бала, мектеп жанындағы тамақтандырмайтын 29 лагерінде – 1500 бала қамтылды. Қала сыртындағы лагерьлерде 525 оқушы демалды. Аудан мектептерінде 3001 балалар мен жасөспірімдердің жұмыспен қамтылуы жоспарланып, үш ауысымда 27 құрылыс жөндеу бригадаларында – 710 оқушы, 24 ауылдар мен қалалық көгалдандыру бригадаларында – 700 оқушы, 38 шаруа қожалықтарында – 836 оқушы, 7 ауылдық клубтарда – 200 оқушы, 35 туристік жорықтар және экскурсияларда – 555 оқушы қамтылады.

9 ТАМЫЗ – ҚҰРЫЛЫСШЫ КҮНІ

Ауданымызда атқарылып жатқан құрылыс жұмыстары туралы аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Даулеткелді Ғалымбайұлы Ұзақбай әңгімеледі.

2015-2016 жылы Үштөбе қаласында құрылысы жүргізілетін 320 орындық балалар бақшасы (жалпы құны 738 млн.теңге). Құрылыс жұмыстарын мердігер «TOLAGAI-2050» ЖШС-і жүргізіп жатыр. Үстіміздегі жылға 165 млн.теңге бөлініп, бүгінгі күнге 30,7 млн. теңгесі игерілді. Көкдала ауылындағы Тельман атындағы орта мектеп ғимаратының жылыту жүйесіне күрделі жөндеу жұмыстарына ағымдағы жылы жалпы 4,9 млн. теңге бөлініп, 4,7 млн. теңге игерілді.

«Ақ бұлақ 2011-2020» бағдарламаның шеңберінде ауданның бірқатар ауылдарын сумен жабдықтауға қаражат бөлінді. Айдар ауылындағы сумен жабдықтау жүйелерінің құрылыс жұмыстары 34085,0 мың теңгеге «Гүлім және компания» ЖШС атқаруда. 30472,4 мың теңге игерілді. Қасталап ауылының сумен жабдықтау жүйелерінің құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін «Темірқазықстрой проект» ЖШС-мен 68322,0 мың теңгеге келісім шарт жасалды. Кішітөбе ауылындағы сумен жабдықтау жүйелерінің құрылысы және қайта жаңғырту нысаны бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсының бірыңғай операторына жобаны іске асыруға 126 000,0 мың теңгеге мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізуге өтінім берілді. Қанабек ауылындағы сумен жабдықтау жүйесін күрделі жөндеу жұмыстарын 45366,945 мың теңгеге «Гүлім және компания» ЖШС-гі жүргізуде. Көріз жүйесін айтсақ, қала бойынша жалпы ұзындығы 29 км құрайды. Орталық-тандырылған көріз жүйесі Үштөбе қаласы, Бастөбе ауылында орналасқан. Көріз жүйесінің 100 % тозуына байланысты, экологиялық апатты болдырмау мақсатында, жаңа құрылыс жұмыстары жаңғыртылып, жүргізілуде. Үштөбе қаласының көріз жүйесін қайта жаңғырту және салу құрылысын 307,0 млн. теңгеге жүргізген. Аталған объектіні іске қосу үшін қосымша жұмыс жобалары әзірленіп, қаражат қарастырылып, құрылыс-монтаж жұмыстары атқарылуда. 2012-2013 жылдар аралығына 128,9 млн. тг бөлінді, игерілгені 92,6%. 2013-2014 жылдарға бөлінген 855,2 млн. теңгенің бүгінгі күнге игерілгені 92,3%. Аудан орталығының көріз жүйелерінің құрылысы және қайта жаңғырту (2-ші кезек) жұмыстары бойынша 2013-2014 жылдарға бөлінген қаражат жалпы сомасы 1 049,5 млн. теңге, игерілгені 1 047,9 млн. тг (99,8%). ҚР тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011 - 2020 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру барысында, аудан бойынша 2012-2013 жылдары Үштөбе қаласы Қонаев даңғылы № 80 үйдің (38 792,002 мың тг) және Рысқұлов көшесі № 43 үйдің В-бөлігіне (24 713,136 мың тг) күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ауданды газдандыруын жобалау және құрылыс жұмыстарын жүргізуге жобалаушы мердігерге бастапқы деректер толығымен берілді. Сол сияқты құрылыс жұмыстары аяқ-талғана дейін пайдалануға 690,0 мың шаршы метр жер учаскесі берілді.

Атқарылған жұмыстар қатарында Рысқұлов көшесіндегі №43 көп қабатты тұрғын үйдің ауалық алаңын абаттандыру. Аталмыш объектінің жұмыстарын (жалпы сомасы 23 307,2 мың теңге) «Мега-Сервис» ЖШС атқарды. 30 маусымда аяқталған нысан бойынша мемлекеттік қабылдау комиссиясы жүргізілді. 19811,1 мың теңге игерілді. Сонымен қатар жаз кезін пайдаланып Үштөбе қаласындағы Жолбарыс батыр көшесін абаттандыру жұмыстарын (жалпы сомасы 33 млн. теңге) «Нұрғазы құрылыс» ЖШС-гі жүргізуде. Бүгінгі күнге арық жүйелерінде 172 дана лоток, 1300 м бордюр орнатылды. 14 млн. теңге игерілді. Сол сияқты Бастөбе ауылындағы С. Юн көшесін абаттандыру жұмыстарын «Тамас» ЖШС-гі жүргізуде, бүгінгі күнге 69,560 млн. теңгенің 21,962 млн. теңгесі игерілді. Алдағы уақытта қараталдықтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін 2016 жылы 30 пәтерлік көпқабатты үй салу жоспарланып отыр.

Өткен сейсенбіде «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимаратында «Айқын тариф» партиялық жобасы шеңберінде «Тімдік меншік иесі плюс энергияны үнемдеу – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын табысты жаңғырту негізі» акциясы өтті.

Айқын тариф жобасы аясында...

Шараға сайлауалды тұғырнаманың «Жасыл экономика» бағыты бойынша сараптама тобының мүшелері, аудандық мәслихат депутаттары, аудандық Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық және коммуналдық тұрғын-үй инспекциясының басшысы Ғалымбек Ибраев, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қаратал Су құбыры» МКК мекемесінің директоры Амандос Қабаров, аудандық электр то-раптар бөлім басшысының орынбасары Қанат Байболов, бөлім, мекеме басшылары, ауыл тұрғындары, пәтер иелері кооперативтері, «Жас Отан» ЖҚ, ҰЕҰ – ын және БАҚ өкілдері қатысты. Акцияның негізгі мақсаты – жеке тұлғалар үшін коммуналдық қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың айқындық деңгейін арттыру, партияның Саяси Доктринасындағы мемлекеттік қызметтер сапасының тиімділігін қамтамасыз ету, энергия үнемдеу саясатын насихаттау және тұрғындар арасында энергияны үнемдеуге шақыру, тұтынушылардың құқықтарын қорғау.

Шара барысында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпараттар беріліп, қатысушылар тарапынан түскен сұрақтарға тұлғалар тұщымды жауаптар берді. Сонымен қатар электроэнергияны үнемдеп, тиімді пайдалану бойынша тұрғындардың білімдерін шыңдайтын ТЕСТ сұрақтары қойылып, акция өз қарқынымен қызықты өтті.

Бибігүл СҮЛЕЙМЕНОВА, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы сарапшысы

== Мәдениет күні ==

Кетпен ұстап жер емген, таяқ ұстап мал өргізген ауыл еңбеккерлері «Өткенді түгендемей, бүгінді бүтіндей алмайсың», - деп еліміздің мемлекеттілігінің тарихын зерделеуге арналған «Мәдениет күні» мерекесін жалғастыруда. Өткен аптада Бас-төбе ауылдық округінің жұртшылығы бас қосып игілікті шараны өткізді. «Тұрымтай тұсына, балапан басына күн туған» сол бір аласапыран дәуірде жаумен арпалысып жатпаласқан бабаларымыздың өмірінен сыр шерту бүгінгі біздерге парыз. Осы тұрғыдан алғанда барлық округтер шама-шарқынша шараны жоғары деңгейде өткізуге тырысуда. Бастөбе әкімдігі де әріптестерімен қалыспай барын ортаға салып экономика мен әлеуметтік саладағы табыстарын көрсетіп бақты.

...Тіршіліктің несі сән тереңге бет қоймаса



Ақынға қара сөзден өлең оңай ...

«Көзге көрінер, көңілге ілінер не бар екен» деген сауалға келсек Бастөбеліктер Талдықорған қаласынан облыстық мерекелерде тігіліп жүрген биіктігі көк тіреген зәулім сахнаны әкеліп айды аспаннан шығарды. Оны шармен безендіріп үлгергенде тіпті қатып кетер еді. Ат шаптырып сахнада өнер көрсету өнерпаздардың шабытына шабыт қосып мерекелік бағдарлама

сәтті өтті. Ол әдеттегідей жұртшылықтың аудан басшыларымен кездесуінен бас-талды. Әкім орынбасары Ж. Ш. Тасыбаев пен мәслихат хатшысы Б. Ж. Смаиловтың құттықтау лебіздерінен соң қызыл-жасыл киінген жас пен жасамыс, бозбала мен бойжеткен «Хакназар хан» қойылымына ден қойды. Ол «Құмдағы күрке», «Ноғайлы елі», «Қаралы хабар» бөлімдерінен тұрды. «Малда да бар жан мен тән, ақыл сезім болмаса, тіршіліктің несі сән,



Штраф очень высок

Наверняка наши водители успели обратить внимание на установленные возле госучреждений, организаций, торговых точек знаки «Остановка для инвалидов». Места, отведенные для остановки транспортных средств инвалидов, не должны занимать иные транспортные средства. Однако некоторые водители игнорируют это правило.

В этой связи хочется напомнить, что в рамках поправок в законодательные акты по вопросам дорожного движения ужесточено наказание за парковку под такими знаками. Данная санкция прописана в части четвертой статьи 597 КоАП РК «Нарушение правил остановки или стоянки транспортных средств в местах, отведенных для остановки или стоянки транспортных средств инвалидов». Это карается штрафом в размере пятидесяти месячных расчетных показателей (более 90 тысяч тенге).

Марлан НАУРЫЗБАЕВ, старший госавтоинспектор по Каратальскому району

тереңге бет қоймаса» деген өнерпаздар қазақ даласында 42 жыл билік жүргізген Хакназар кезеңін қаз алдыға келтірді. Бөлшектеніп кеткен Қазақ хандығын әкесі Қасымдай кайта біріктіріп, шекараны қалпына келтірген ханның өмірі қаралы трагедиямен аяқталады. Сюжеті күрделі драманы жігіттер мен қыздар ойдайғайды сахна-лап шықты. Тек, жаугершілік заманда тұтқиылдан шапқан жаудың текпінінен тоз-тоз болған ауылдан құмға бас сауғалап қашқан адамдардың бірінің кейпінде көрінетін жас келіншекті күркеге тығып қоймай, ел алдына шығару керектігі сұранып тұрды. Күрке сахнаның бір бұрышында тұруы керекті, сонда көрініс әлдеқайда ұтымды болар еді. Қолындағы нәрестесіне мұңын шағып, елдің ауыр күйін білдіретін жаны жаралы ананың зарлы монологу керемет әсер қалдыратын еді. Осы бейне ролінде көрінген өнерпаз өлеңнің мазмұнын жанымен ұғынып, оны өте жақсы оқып шықты. «...Бұрынғыдай елің бар ма, шұрқырасып маңыраған, шулап жатқан төлің бар ма, өрелеген етің бар ма? ...» деген жолдар тула бойды тітіркендірді. Жұмбақ ханның түр-тұрпатын, кескін-келбетін, сахнадағы қимыл-қозғалысын көпшілік көре алмай, дауысы қайдан шығып жатқанын біле алмай дал болды. Осы бір түс, кемшін шықты демесеңіз, басқа жағын көрермен жылы қабылдады. «Ақынға қарасөзден өлең оңай, балыққа таяз судан терең оңай» демекші біз көбінесе ән төңірегінен айналасқап шықпаймыз. Адамды ойландыратын, өзіне сын көзбен қарайтын дүниелерге бара бермейміз, алаулатып, жауалатып, ұрандатып жүре бергенді ұнатамыз. Қазақ хандығының мерекесі осы бір кемшіліктен арылатын бетбұрыс болғай.

==Қазақ хандығына 550 жыл==

Тарихшылардың еңбектерінде «Тәуке биліктен кеткеннен кейін орнына баласы Болат келді. Ол болат емес, бөлжір болып, билікті әлсіретіп алды. Жеке-жеке билікке ұмтылыс күшейді. Кіші жүзді Әбілхайыр биледі. Болаттың құдіреті орта жүзге ғана жүрді. Болат хан 1730 жылдары Аңырақай шайқасы кезінде белгісіз жағдайда садақ оғынан қайтыс болды.

АБЫЛАЙ ХАН

Одан кейін тақтан дәме-ленген Әбілхайыр сайланған жоқ. Осының бәрі қазақ арасына іріткі түсіргені анық. Үш жүздің ханы болып Сәмеке, одан кейін оның баласы Әбілмәмбет сайланды. Онан соң барып Абылай хан таққа отырды. Бұл кезде Ресей империясы қазақ жеріне дөндеп кіріп кеткен еді. Ұлы жүзді Жолба-рыс хан басқарды, бірақ ол жоңғарларға тәуелді болып қалды. Жоңғарлар жойылғаннан кейін бұл маңда Абылайдың ұрпақтары төрелер билік ете бастады. 1750 жылдардан бастап Ресейдің қазақтарға билігі күшейді. Тіпті қазақтың әр жүзіндегі хандарын өздеріне тарту үшін ант қабылдадты. Антпен бірге балаларын аманатқа алып қалып жатты. Бауыр еті баласын беріп қойғаннан кейін амал жоқ бәріне көнген. Екіншіден бір хан өлсе, оның орнына ханды халық сайлайтын болды, бірақ оны бекітуді Ресей қолына алды. Үшіншіден қазақ сұлтандары арасынан кімнің хан болатынын Ресей жағы шешті. Бөлшектеген, мысалы Орта жүзде 19 ғасырдың

алғашқы 20 жылдығында екі хандық пайда болды. Бөкейді хан сайлап, сонымен бірге Абылайдың да ұрпақтарын хан сайлаған. Кіші жүзде де солай. Шын мәнінде Шокан Уәлиханов жазғандай «18 ғасырдың алғашқы он жылдығы қазақ хандығы үшін өте қиын жылдар болды». Жан-жақтан орыс казактары, Еділ қалмақтары, жоңғарлар анталады. Әбілхайыр батыстағы шекараны қорғауға жанта-лып. Жорыққа кеткенде жаулар әйел, бала-шағасын тұтқынға алып кетеді. Абылай заманы халықаралық жағдайдың шиленіскен кезеңі. Екі империяның ортасында қалдық. Жоңғар хандығы бізді қытай агрессиясынан қорғап тұрған буферлік аймақ болса, 1758 жылы Жоңғар хандығы жойылғанда біз қытаймен бетпе-бет келдік. Абылай, Әмірсанаға қолдау көрсетіп оны қытайларға бермей жүрген себебі, жоңғар хандығын сақтап қалу болатын. Өйткені ол бізді қытай аймағынан қорғайтын еді. Жоңғарлар өмір бақи қытайлармен алысып өтті. Сонау 751 жылы Түркештердің тұсында Атлах шайқасы болған кезде Қытай әскері алғаш рет Жетісуға аяқ басты, арада 1000 жыл өткеннен кейін Қытай әскері



Жетісу жеріне қайта келді. Абылайдың алдынан осындай үлкен күрделі жағдай шықты. Ресейдің алдында да, Қытайдың алдында да өзін «боданмын» деп мойындауға тура келді. Қиын-қыстау кезде осындай саясат ұстанып қазақ елінің Тәуелсіздігін сақтап қалды. «Абылай қай жылдары билік құрды?» деген сұраққа келсек, орыс деректерінде 1771 – 81 жылдары деп айтылады. Ал шын мәнінде 1771 жыл деген дата орыс патшайымының билігін ресми түрде мойындаған кезі еді. Ал қазақтың ханы болып ол бұрын сайланып қойған. Ол 1781 жылы қайтыс болғаннан кейін біртұтас қазақ хандығы болған жоқ. Орта жүзде Уәли, кіші жүзде Әбілхайырдың ұрпақтары Нұралы отырды. Әр хан өз замандары арқылы өздеріне жүктелген тарихи миссияны атқарып шықты. Соның нәтижесінде қазақ хандығы пәленбай жыл дербес мемлекет ретінде өмір сүрді» делінеді.

Дайындаған
Ж.СҰЛТАНБЕКОВ

...Тіршіліктің несі сән тереңге бет қоймаса (Соңы. Басы 2 бетте)

Өнерпаз болсаң өр бол
Қазақтың дүлдүл өншісі Біржан сал «Өнерпаз болсаң өр бол», яғни ешкімге жалпаңдама, жалтақтама дейді екен. Осы қағиданы ұстанған өншілер мен бишілер стадион төріне тігілген сахнадан ән мен күйдің майын тамызып, балын ағызды. Концерттік бағдарламада ұлт-аспаптар ансамблі, аталар мен бишілер тобы және басқа да жекелеген өнерпаздар бой көрсетіп, тыңдарманның құлақ құрышын қандырды. Туған жерге деген махаббатын, ішкі жан дүниесінің көркемдігімен, дауысының тартымды әуезділігімен жайып салған Нұршат Сейдахметова, халық әнін тегілдірген бүлдіршін өнші Қайсар Назмазбай, корей биін теңіздей толқытқан бишілер дуэті, «Қазақтай ел қайда?» деп дүйім жұртқа жар салған Жандос Серғазинов, «Снит-ся мне» деп түс әлеміне шомылған Андрей Долженко, «Қара жорға» биін сәнді ырғақпен жорға аттың жүрісіне салған балғын биші Жұлдыз Болат, «Бұлқынды жүрек» деп тордағы жолбарыстай аласұрған Болат Ахметнәби, «Туған жерім тамаша» деп алақайлаған Саят Тұрысбек, «Ауылым» әнін қоңырлатқан Мұрат Ақылбаев, әдемі үнімен «Қазақстан алға!» деп ту көтерген Шынар Дүйсенбекова көрермендер жүрегіне жол тапты. Жергілікті тұрғындарға мәдени қызмет көрсету аясында аудандық Мәдениет Үйінің өнерпаздары да сахна төріне көтеріліп ән мен биден шашу шашты.

Адал еңбек еткенге дәулет келер ...
Айта кетері мерекеде адамдар қа-



расы көп болды. Шара халықтық сипат алды деуге келеді. Округтің шет аймақтары Жылыбұлақ, Орта төбе, Кіші төбе ауылдарынан арнайы ат сабылтып келген жандарды көптеп ұшыраттық. Өркім хал-қадірінше айтулы іске үлес қосыумен қатар түрлі мазмұндағы көрмелерді тамашалап, ауылшаруашылық жәрмеңкесінен іздегендерін тауып, палаудайындаудан өткізілген байқау сынына қатысып, тіл үйретін астан дәм татып, спорт жарыстарын қызықтап, көптен көрмеген таныстарын жолықтырып, әңгіме-дүкен құрысып арқажарқа болды деп айтсақ артық айтқандық емес. «Адал еңбек еткенге дәулет келер, көңілі өсіп көркі де сәулеттенер» дегендей терлеп-тепшіп еңбек еткеннен кейін бір сәт дос-жаран, жолдас-жорамен мерекені қызықтағанға не жетсін. Осыны көзбен көріп, құлағымызбен естіп, қуанып қалдық. Келесі кезек Балпық би округі ұжымының өншісінде.

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ

XVIII чемпионат района по футболу (положение команд после VI тура)

Команды	И	В	П	Н	Мячи	Очки
«ЖЫЛЫБҰЛАҚ» Бастобинский с/о	6	5	1	-	20-12	15
АО «ҚАРАТАЛ» Балпыкский с/о	6	5	1	-	20-7	15
«КӨЛПЕ» Жолбарыс батыр с/о	5	4	-	1	18-3	13
«ЛОКОМОТИВ» г. Уштобе	5	4	1	-	14-6	9
«БАЙСЕЙТОВ» Жолбарыс батыр с/о	5	2	2	1	9-9	7
ТОО «МК KAZSILICON» Бастобинский с/о	5	2	3	-	16-10	6
«ЖАСТАР» г. Уштобе	5	1	4	-	5-11	3
В/Ч 55078	6	-	6	-	5-21	0
«ТАСТӨБЕ» Тастобинский с/о	5	-	5	-	1-29	0

Лучшие бомбардиры:

Баглан ЕСЕТОВ («Көлпе») - 6 голов;
Азиз ДОСЫМБАЕВ («Локомотив») - 5;
Дастан КУЛТАСОВ («KazSilicon») - 4;

Матчи седьмого тура XVIII-го чемпионата района пройдут в субботу и воскресенье - 8 и 9 августа в 17.00 часов.
ЖДЕМ ВСЕХ ЛЮБИТЕЛЕЙ ФУТБОЛА!

БАЛАЛАРҒА БІРГЕ КӨМЕК БЕРЕЙІК!

Әр оқу жылының қарсаңында жалпыреспубликалық дәстүрге айналған «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы биылғы оқу жылында да жалғасын тапты. Аталмыш акция 2015 жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйегі аралығында «Балаларға бірге көмек берейік» ұранымен өткізілетіндігін хабарлаймыз.

Бүгінгі бала – ертеңгі ел болашағы, қазіргідей бәсекелестікке негізделген қоғамда білім мен ғылымның алатын орнының ерекше екенін ескере отырып, ел ертеңі жастардың алаңсыз білім алуына әрқашанда өз үлестеріңізді аянбай қосады деп сенеміз. Құрметті аудан тұрғындары, аудандық білім бөлімі сіздерден аз қамтылған және көп балалы отбасыларына қолдау көрсетіп, балаларды мектепке даярлауға көмек қолын ұсынуларыңызды әлеуметтік себептермен 1-қыркүйекте мектепке келе алмайтын (қиын балалар тобына жататын, соның ішінде: қараусыз, қадағалаусыз, жағдайы жоқ отбасылар мен мигранттар балаларына) оқушыларға материалдық - қаржылық демеушілік көрсетулеріңізді, сондай-ақ, әлеуметтік меценаттылықты дамыту мақсатында осы акцияға белсене қатысуларыңызды сұрайды!

Қаратал аудандық білім бөлімі

УВАЖАЕМЫЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ!

11 августа на центральной площади будет проходить акция «Дорога в школу». Всех желающих принять участие в акции, просим обратиться в «Отдел предпринимательства Каратальского района». Контактные телефоны: 2-01-24, 7-90-45.

Жаназа рәсімі бәсекеге айналмасын

Салт - ғасырлар бойы тарихи негізде қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын әдет-ғұрып, жалпыға бірдей тәртіп, ал шариғат – адамзатты ынтымақ – бірлікке, меірімділікке, Құдайға құлшылық етуге үндейтін иләһи заңдылық. Біздің салтымызда, ғұрып-әдетімізде де атам заманнан бері Ислам шариғаты негізінде қалыптасып келеді. Өкінішке орай, соңғы кездері көптеген салттарымыз, діни рәсімдеріміз, әсіресе жерлеу рәсімі шариғаттан да, ғұрыптан да алыстап, бұрмаланып бара жатыр.

Негізінде, дүние салған жанның туыстарына бес нәрсе міндет: мәйітті жуындыру, кебіндеу, жаназасын оқу, қабірге апарып қою, қарызы болса - өтеу. Қалған амалдар-қосымша ғибадат, сауапты істер. Ең әуелі, адамның қайтыс болғанын жариялап, оны жылдам жерлеуге асығу керек. Мәйітті себепсіз ұстап отыру, жерлеуді кешіктіру – оның қадір – қасиетін қашыру әрі сүннетке қайшы әрекет. Алланың елшісі (с.ғ.с) «Мәйіт-теріңді жерлеуге асығыңдар. Мәйіт жақсы кісі болса, жақсылығына жылдам жеткізіңдер, ал жаман кісі болса тозақ иелері бізден алыс болсын», - деген (Муслим).

Намазды, әсіресе қалалық жерлерде өзіне жақын орналасқан жергілікті мешіт имамдары өткізгені дұрыс. Имам немесе молда мәйітті соңғы сапарға шығарып салу рәсімін барынша шариғатқа сай өткізуге тиіс. Жаназа намазында адамдарды ұзақ ұстауға болмайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Адамдарға имам болған жағдайда, оны жеңіл өткізіңдер. Өйткені, олардың ішінде жасы кішісі, үлкені, әлсізі, науқасы және мұқтажы бар», - деген (Муслим). Намаздан бұрын айтылатын «дәлелді» сауабы мәйітке бағышталатын «таһлил» дұғасы деп атайды. Мәйітке оқылатын дұғаның пайдасы бар. Бірақ, сол дұғаны дәл жаназа намазы кезінде оқу шарт емес. Ал, намаз үстінде Құран оқу туралы: «Алланың елшісі (с.ғ.с.) жаназа намазында Құраннан бір нәрсе оқуды айтпады»-делінген («Әл-әзқар мин көләм-сәйиділ әбәр», 430/1). Мәйітті жөнелту жолында жөңсіз, орынсыз, пайдасыз іс-шаралар мұсылман қауымы үшін – харам. Сондықтан, қабір басына зәулімтас, үлкен сәнді күмбездер орнату, қашап сурет салу және сол сияқты амалдар ысырапқа жатады, сондай-ақ, мұсылманның діни сенім-нанымы мен көзқарасын бузуға әкеп соғады. Ысырапшылық – үлкен күнә. Алла тағала: «Төгіп-шашпандар, Алла ақиқатында, ысырап қорларды ұнатпайды», -деді («Ағраф» сүресі,31-аят).

Қазалы үйге көңіл айту, көмек көрсету (мәйітті жуу, қабір қазу, жерлеу, т.с.с.) - әрбір мұсылманның борышы. Пайғамбар жасына жетпей дүние салған адамның атынан түрлі киім, орамал және басқа жыртыстарды тарату мүлдем дұрыс емес. Ал, үлкен жастағы адамдардың атынан берілетін «тәбарік» садақасын да астамшылық жасамау керек. Шариғатта үш күнге дейін аза тұтуға, яғни үш күнді ғана қайғымен өткізуге рұқсат берді. Бұл

күндері мәйіт иесінің қонақ күтуі, қалың елге дастархан жаюы мүлдем орынсыз.

Мәйіттің қырқын және жылын өткізу әдетке айналса да, ол міндет деп қаралмайды. Яғни, жасалмаған жағдайда ешбір адам Алланың алдында күнәһар, мәйітке қарыздар болып қалмайды. Дінімізде шамаң жетпесе де, міндетті түрде қарызданып, артық шығын жұмсап, өліер атынан мал сойып, садақа бер деген үкім жоқ. Бұл жайлы Құранда: «Олар (Құдай сүйген пенделер) қаражат жұмсағанда ысырап етпейді. Сарандық та жасамайды, өз жөнімен ғана жұмсайды», - деп айтылады («Фурқан» сүресі,67-аят). Марқұмды жөнелту легі орынсыз жасалатын жоралғыларды доғару, ысырапқа жол бермеу, пайдасыз іс-әрекеттерді тоқтату үшін белгілі бір жұмыстардың жүргізілуін уақыттың өзі талап етуде. Білсек те іске көше алмай тұрған жайымыз бар. Жоғарыдағы мәселелерді ескере отырып, мұсылман қауымға төмендегі талаптар ұсынылады: Қайтыс болған адамды күттірмей, жылдам, шариғат талабына сай жерлеуді ұйымдастыру керек; Жаназа намазын өзіне жақын орналасқан жергілікті мешітке шығару абзал.

«Таһлил» дұғасын (дәлелді қазір бізде оқылмайды) жаназа намаз оқымас бұрын, имам үйде отырған жамағатпен бірге оқиды. Құран мәйітті қабірге қойып болған соң оқылады. Митинг, панихида тәрізді жиын жиналысқа ұқсас шариғатымызда жоқ нәрселер өткізілмейді; Қабір басын бай да, кедей де қарапайым түрде, бірдей үлгіде көтеруі тиіс, тасқа қашап марқұмның суретін салуды мүлде тоқтату керек; «Қонақасы», «үші», «жетісі», «Жұмалық» секілді марқұмға арналған рәсімдерді үйде отбасы және жақын туыстармен бірге өткізу орынды; Қырқы», «жылы», т.б. еске алу астарын барынша ықшам түрде, ысырап жасамай өткізу міндет. Жылдық және ауыз ашар дастарханын барлық елдімекенде бәріне бірдей ас мәзірімен (меню) жаю ұсынылады: бір ыстық тамақ (ет, палау т.б.) шөлпек, бауырсақ, таба нан, май-қаймақ, құрт-ірімшік, талқан, қант, сорпа, су. Осыдан басқа көптеген түрлі тағамдарды қою шариғатымызға қайшы.

Ауданымыздың әрбір елді мекенінде тұратын дін жанашыры, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар осы ұсынысымызды қолдайды деген ойдамыз.

Әбудардан ТАЛАСБАЙ, Қаратал ауданының бас имамы және мешіттің ақылдастар алқасы

жетысусы стали обладателями 11 – серебряных и 10– бронзовых наград. В целом же, на прошедшем чемпионате было розыграно 99 комплектов золотых медалей, 57 из них на состязаниях по жиму штанги лежа, остальные по пауэрлифтингу.

Примечательно, что многие из победителей и призеров проходивших соревнований были выходцами именно из Уштобинской ДЮСШ, которых воспитали наши местные тренеры. При этом, неплохих показателей на чемпионате достигли и ее нынешние воспитанники. Так, в состязаниях по жиму штанги лежа среди юношей, в в/к 32 кг, с результатом 32, 5 кг второе место завоевал А. Дроздов, выполнивший второй юношеский разряд. В этом же виде спорта, в в/к 59 кг третье призовое место досталось Д. Чебакову, выжавшему 125 кг и выполнившему норматив кандидата в мастера отечественного спорта. В спортивной дисциплине – по пауэрлифтингу, опять же «серебро» досталось А. Дроздову, выжавшему в сумме троеборья 172 кг (выполнив норматив КМС). А в в/к 59 кг в этом виде спорта, среди юниоров обладателем бронзовой награды стал Е. Саядилов, набравший в суммарном зачете 317, 5 кг (выполнив в итоге второй разряд).

Н. ИВАНОВА

В Уштобинской ДЮСШ прошел двойной чемпионат Казахстана: по жиму штанги лежа среди мужчин и женщин, юниоров и юниорок, юношей и девушек и по пауэрлифтингу среди юниоров и юниорок, юношей и девушек, где в общей сложности приняли участие около 400 спортсменов из разных уголков нашей страны. Алматинскую область на проходящих соревнованиях представляли почти 70 тяжелоатлетов.

Жетысусцы в числе чемпионов

В итоге, в спортивной дисциплине по жиму штанги лежа в весовой категории 32 кг (среди девушек) победа досталась А. Лю, выжавшей в завершающем третьем подходе - 32,5 кг. Столь же удачно, в в/к 43 кг выступила А. Свистунова. Выжав 40 кг, она получила титул чемпионки. Среди мужчин, обладателем золота стал выступавший в в/к 120 кг ветеран спорта С. Шацкий, выжавший 175 кг. Кроме того, нашими штангистами было завоевано 10 – вторых и 5 – третьих призовых мест. В состязаниях по пауэрлифтингу среди девушек, в в/к 36 кг золотом досталось Г. Ыбрай, набравшей в сумме троеборья 120 кг. В в/к 63 кг победила А. Табакаева (300 кг). Также, успех сопутствовал А. Дамен, выступавшей в в/к 72 кг. В суммарном зачете спортсменка набрала 320 кг, упрочив за собой звание чемпионки. Среди юниорок, обладателями первых мест стали: в/к 52 кг М. Кокошко (222,5 кг), в/к 57 кг Т.

Ким (250 кг) и выступавшая в в/к 63 кг К. Крахалева (305 кг). А вот представителем сильной половины, несмотря на проявленное ими усилие, в отличие от девчат, медалей высших достоинств выиграть так и не удалось. Вместе с тем, кроме указанного золота, в данном виде спорта

